

**"Бюджеттік есепке алуды жүргізу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2009 жылғы 16 қарашадағы № 495 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы**

***Күшін жойған***

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары - Қаржы министрінің 2023 жылғы 10 наурыздағы № 253 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2023 жылғы 13 наурызда № 32053 болып тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2025 жылғы 9 маусымдағы № 290 бұйрығымен.

**Ескерту. Күші жойылды - ҚР Қаржы министрінің 09.06.2025 № 290 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

**БҰЙЫРАМЫН:**

1. "Бюджеттік есепке алуды жүргізу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2009 жылғы 16 қарашадағы № 495 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5962 болып тіркелген) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Бюджеттік есепке алуды жүргізу қағидаларында:

8-тармақтың бесінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"осы Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша шоттардың толық жазылуы (ақылы қызметтердің, қайырымдылық көмектің, ақшаны уақытша орналастырудың, нысаналық қаржыландыру, сыртқы қарызды немесе байланысты грантты қайта айырбастау, Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының (бұдан әрі – Ұлттық қор), Жәбірленушілерге өтемақы қорының, Білім беру инфрақұрылымын қолдау қорының, білім беру инфрақұрылымын қолдау жөніндегі жергілікті атқарушы органның шотын, тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде көрсетілетін қызметтерге ақы төлеу үшін республикалық бюджеттен әлеуметтік медициналық сақтандыру қорына трансферттердің (бұдан әрі – ӘМСҚ трансферттері), Еуразиялық экономикалық одақтың ҚБШ, квазимемлекеттік сектор субъектілерінің шоттарын, операторлардың қаржылық және (немесе) қаржылық емес қолдау шоттары, мемлекеттік сатып алу шоттарын, білім беру саласындағы пилоттық ұлттық

жобаны іске асыру жөніндегі дирекцияның шотын, соманы анықтауға дейінгі шотты, бірыңғай қазынашылық шотындағы ақша қалдығына сыйақы шотын есепке алуға арналған);";

10-тармақтың сегізінші және тоғызыншы бөліктері мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазынашылық комитетінің балансы БҚШ, республикалық және жергілікті бюджеттердің ҚБШ, сыртқы қарыздар шотындағы, ақылы қызметтердің, қайырымдылық көмектің, ақшаны уақытша орналастыру, нысаналы қаржыландыру, сыртқы қарызды немесе байланысты грантты қайта айырбастау, Ұлттық қордың, Жәбірленушілерге өтемақы қорының, Білім беру инфрақұрылымын қолдау қорының, білім беру инфрақұрылымын қолдау жөніндегі жергілікті атқарушы органдардың шоттарындағы, ӘМСҚ трансферттердің ҚБШ, Еуразиялық экономикалық одақтың шотындағы, квазимемлекеттік сектор субъектілерінің шоттарындағы, қаржылық және (немесе) қаржылық емес қолдау операторларының, мемлекеттік сатып алу шоттарындағы, білім беру саласындағы пилоттық ұлттық жобаны іске асыру жөніндегі дирекцияның шотындағы, шетел валютасының шоттарындағы, соманы анықтауға дейінгі шоттардағы, бірыңғай қазынашылық шотындағы ақша қалдығына сыйақы шотындағы, есеп айырысулардағы ақша бойынша, жергілікті бюджет жетіспеушіліктері бойынша (бұдан әрі – ЖБ), Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің (бұдан әрі – Ұлттық Банк) салымдарына (депозиттеріне) орналастыру бойынша шоттардағы қалдықтарын көрсетеді.

Жергілікті бюджеттерін атқарылу балансы тиісті жергілікті бюджеттердің ҚБШ, ақылы қызметтердің, қайырымдылық көмектің, ақшаны уақытша орналастырудың тиісті ҚБШ, ЖБ жетіспеушіліктері бойынша, Ұлттық Банк салымдарына (депозиттеріне) орналастыру бойынша шоттардағы, сыртқы қарыздар бойынша шоттағы және квазимемлекеттік сектор субъектілерінің шоттарындағы, операторлардың қаржылық және (немесе) қаржылық емес қолдау шоттарындағы, мемлекеттік сатып алу шоттарындағы, білім беру инфрақұрылымын қолдау жөніндегі жергілікті атқарушы органдардың шоттарындағы ақшаның қалдықтарын көрсетеді.";

25-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"25. 3 "Қолма-қол ақшаны бақылау шоттары және ұлттық валютадағы басқа шоттар" шотында ұлттық валютадағы республикалық бюджет (бұдан әрі – РБ) және жергілікті бюджеттер ҚБШ, сыртқы қарыздар бойынша шоттарда, ақылы қызметтердің қайырымдылық көмек, ақшаларды уақытша орналастыру, Ұлттық қор, Жәбірленушілерге өтемақы қоры, Білім беру инфрақұрылымын қолдау қоры, білім беру инфрақұрылымын қолдау жөніндегі жергілікті атқарушы органдардың шоттарында, ӘМСҚ трансферттердің, нысаналы қаржыландыру,

сыртқы қарыз немесе байланысты грантты қайта айырбастау ҚБШ, анықтағанға дейінгі сомалар шотында, Еуразиялық экономикалық одақ, квазимемлекеттік сектор субъектілерінің шоттарында, операторлардың қаржылық және (немесе) қаржылық емес қолдау шоттарында, мемлекеттік сатып алу шоттарында, білім беру саласындағы пилоттық ұлттық жобаны іске асыру жөніндегі дирекцияның шотында, бірыңғай қазынашылық шотындағы ақша қалдығына сыйақы шотында, сондай-ақ Ұлттық банктегі салымдарға (депозиттерге) жергілікті бюджеттердің тартылған ақшалары есепке алынады.

3-шот мынадай қосалқы шоттарға бөлінеді:

300 "РБ ҚБШ";

301 "ЖБ ҚБШ";

302 "Сыртқы қарыздар бойынша шот";

303 "Еуразиялық экономикалық одақтың шоты";

304 "РБ квазимемлекеттік сектор субъектілерінің шоты";

305 "ЖБ квазимемлекеттік сектор субъектілерінің шоты";

307 "Сыртқы қарызды немесе байланысты грантты қайта айырбастау ҚБШ";

308 "Мемлекеттік сатып алу шоты";

309 "ӘМСҚ трансферттердің ҚБШ";

310 "РБ ақылы қызметтерінің ҚБШ";

311 "ЖБ ақылы қызметтерінің ҚБШ";

320 "РБ қайырымдылық көмектің ҚБШ";

321 "ЖБ қайырымдылық көмектің ҚБШ";

330 "РБ ақшасын уақытша орналастыру ҚБШ";

331 "ЖБ ақшасын уақытша орналастыру ҚБШ";

340 "Ұлттық қордың ҚБШ";

350 "Нысаналы қаржыландыру ҚБШ";

360 "Соманы анықтауға дейінгі шот";

370 "Жәбірленушілерге өтемақы қорының ҚБШ";

371 "Бірыңғай қазынашылық шотындағы ақша қалдығына сыйақы шоты";

372. "Операторлардың қаржылық және (немесе) қаржылық емес қолдау шоты";

373 "Мемлекет кепілдік берген қарыз шоты";

374 "Мемлекет кепілдік берген қарызға қызмет көрсету шоты";

375 "Білім беру инфрақұрылымын қолдау қорының ҚБШ";

376 "Білім беру инфрақұрылымын қолдау жөніндегі жергілікті атқарушы органның шоты";

377 "Білім беру саласындағы пилоттық ұлттық жобаны іске асыру жөніндегі дирекцияның шоты";

380 "ЖБ ҚБШ қаражатты тартуға арналған шот";

390 "Түсімдердің жинақтау шоты".";

мынадай мазмұндағы 27-12, 27-13 және 27-14-тармақтармен толықтырылсын:

"27-12. 375 "Білім беру инфрақұрылымын қолдау қорының ҚБШ" қосалқы шотында Білім беру инфрақұрылымын қолдау қорының ҚБШ-дағы ақша қозғалыстары есепке алынады.

Білім беру инфрақұрылымын қолдау қорының ҚБШ ақша түсімі 375 қосалқы шотының дебеті және 390 қосалқы шотының кредиті бойынша көрсетіледі.

Білім беру инфрақұрылымын қолдау қорының ҚБШ-нан жүргізілген шығыстар 500 қосалқы шотының дебеті және 375 қосалқы шотының кредиті бойынша көрсетіледі.

27-13. 376 "Білім беру инфрақұрылымын қолдау жөніндегі жергілікті атқарушы органның шоты" қосалқы шотында білім беру инфрақұрылымын қолдау жөніндегі жергілікті атқарушы органның шотындағы ақша қозғалыстары есепке алынады.

Білім беру инфрақұрылымын қолдау жөніндегі жергілікті атқарушы органның шотына ақша түсімі 376 қосалқы шотының дебеті және 623 қосалқы шотының кредиті бойынша көрсетіледі.

Білім беру инфрақұрылымын қолдау жөніндегі жергілікті атқарушы органның шотынан жүргізілген шығыстар 523 қосалқы шотының дебеті және 376 қосалқы шотының кредиті бойынша көрсетіледі.

27-14. 377 "Білім беру саласындағы пилоттық ұлттық жобаны іске асыру жөніндегі дирекцияның шоты" қосалқы шотында білім беру саласындағы пилоттық ұлттық жобаны іске асыру жөніндегі дирекцияның ҚБШ-дағы ақша қозғалыстары есепке алынады.

Білім беру саласындағы пилоттық ұлттық жобаны іске асыру жөніндегі дирекцияның шотына ақша түсімі 377 қосалқы шотының дебеті және 600 қосалқы шотының кредиті бойынша көрсетіледі.

Білім беру саласындағы пилоттық ұлттық жобаны іске асыру жөніндегі дирекцияның шотынан жүргізілген шығыстар 500 қосалқы шотының дебеті және 377 қосалқы шотының кредиті бойынша көрсетіледі.";

48-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"48. Қазынашылық комитеті 500 "Шығыстарды жүргізу" қосалқы шотында республикалық және жергілікті бюджеттердің ҚБШ-дан, ақылы қызметтер, қайырымдылық көмектің, ақшаны уақытша орналастырудың, сыртқы қарыз немесе байланысты грантты қайта айырбастаудың, Ұлттық қордың, Жәбірленушілерге өтемақы қорының, Білім беру инфрақұрылымын қолдау қорының, білім беру инфрақұрылымын қолдау жөніндегі жергілікті атқарушы органдардың шоттарынан, ӘМСҚ трансферттердің, нысаналы қаржыландыру ҚБШ-нан, Еуразиялық экономикалық одағының шотынан, квазимемлекеттік

сектор субъектілерінің шоттарынан, білім беру саласындағы пилоттық ұлттық жобаны іске асыру жөніндегі дирекцияның шотынан, операторлардың қаржылық және (немесе) қаржылық емес қолдау шоттарынан және мемлекеттік сатып алу шоттарынан жүргізілген шығыстарды есепке алады.

Жүргізілген шығыстар сомасына әр күнге 500 қосалқы шотының дебеті және 300, 301, 303, 304, 305, 307, 308, 310, 311, 320, 321, 330, 331, 340, 350, 372, 373, 374, 375, 376 және 377 қосалқы шоттарының кредиті бойынша жазба жүргізіледі.

Кассалық шығыстарды республикалық және жергілікті бюджеттердің ҚБШ қалпына келтіру 300, 301 қосалқы шоттарының дебеті және 500 қосалқы шотының кредиті бойынша көрсетіледі.

БҚШ бойынша жүргізілген шығыстар 100 "Бірыңғай қазынашылық шот" қосалқы шотының дебеті және 500 қосалқы шотының кредиті бойынша көрсетіледі.";

52-1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"52-1. 6 "Түсімдер" шотында республикалық және жергілікті бюджеттердің ҚБШ-дағы, сыртқы қарыздар бойынша шоттардағы, ақылы қызметтер, қайырымдылық көмек, ақшаны уақытша орналастыру, сыртқы қарызды немесе байланысты грантты қайта айырбастау, Ұлттық қор, Жәбірленушілерге өтемақы қорының, Білім беру инфрақұрылымын қолдау қорының, білім беру инфрақұрылымын қолдау жөніндегі жергілікті атқарушы органдардың шоттарындағы, ӘМСҚ трансферттердің, нысаналы қаржыландыру, Еуразиялық экономикалық одағының ҚБШ-дағы, анықталғанға дейінгі сомалар, бірыңғай қазынашылық шотындағы ақша қалдығына сыйақы шотындағы, квазимемлекеттік сектор субъектілерінің шоттарындағы, білім беру саласындағы пилоттық ұлттық жобаны іске асыру жөніндегі дирекцияның шотындағы, операторлардың қаржылық және (немесе) қаржылық емес қолдау шоттары және мемлекеттік сатып алу шоттарындағы түсімдер бойынша операциялар есепке алынады.

6 шот мынадай қосалқы шоттарға бөлінеді:

600 "Түсімдерді есепке алу";

601 "ЖБ ақылы қызметтерінің ҚБШ-на түсімдерді есепке алу";

602 "ЖБ қайырымдылық көмектің ҚБШ-на түсімдерді есепке алу";

603 "ЖБ ақшаны уақытша орналастыру ҚБШ-на түсімдерді есепке алу";

610 "Сыртқы қарыздар бойынша түсімдерді есепке алу";

621 "Мемлекет кепілдік берген қарыздар бойынша түсімдерді есепке алу";

622 "Мемлекет кепілдік берген қарыздарға қызмет көрсету бойынша түсімдерді есепке алу";

623 "Білім беру инфрақұрылымын қолдау жөніндегі жергілікті атқарушы органның шотына түсімдерді есепке алу".

600 "Түсімдерді есепке алу" қосалқы шотында Қазынашылық комитеті республикалық және жергілікті бюджеттердің ҚБШ-дағы, ақылы қызметтер қайырымдылық көмек, ақшаны уақытша орналастыру, сыртқы қарыз немесе байланысты грантты, Ұлттық қор, Жәбірленушілерге өтемақы қорының, Білім беру инфрақұрылымын қолдау қорының, ӘМСҚ трансферттердің, нысаналы қаржыландыру, Еуразиялық экономикалық одағының ҚБШ-дағы, анықталғанға дейінгі сомалар, бірыңғай қазынашылық шотындағы ақша қалдығына сыйақы шотындағы, квазимемлекеттік сектор субъектілерінің шоттарындағы, операторлардың қаржылық және (немесе) қаржылық емес қолдау шоттарындағы, мемлекеттік сатып алу шоттарындағы және білім беру саласындағы пилоттық ұлттық жобаны іске асыру жөніндегі дирекцияның шотындағы түсімдер есепке алынады.

БҚШ бойынша жүргізілген түсімдер 600 қосалқы шотының дебеті және 100 "Бірыңғай қазынашылық шоты" қосалқы шотының кредиті бойынша көрсетіледі.

Бюджетті атқару жөніндегі жергілікті уәкілетті органдар:

600 "Түсімдерді есепке алу" қосалқы шотында - жергілікті бюджеттің ҚБШ-на және квазимемлекеттік сектор субъектілерінің шоттарына, операторлардың қаржылық және (немесе) қаржылық емес қолдау шоттары және мемлекеттік сатып алу шоттарына түсімдерді;

601 "ЖБ ақылы қызметтерінің ҚБШ-на түсімдерді есепке алу";

602 "ЖБ қайырымдылық көмектің ҚБШ-на түсімдерді есепке алу";

603 "ЖБ ақшасын уақытша орналастыру ҚБШ-на түсімдерді есепке алу";

610 "Сыртқы қарыздар бойынша түсімдерді есепке алу";

623 "Білім беру инфрақұрылымын қолдау жөніндегі жергілікті атқарушы органның шотына түсімдерді есепке алу" есепке алады.

601 "ЖБ ақылы қызметтерінің ҚБШ түсімдерді есепке алу" қосалқы шотында ЖБ ақылы қызметтерінің ҚБШ түсімдер есепке алынады.

ЖБ ақылы қызметтерінің ҚБШ бойынша жүргізілген түсімдер 311 қосалқы шоттың дебеті және 601 қосалқы шоттың кредиті бойынша көрсетіледі.

602 "ЖБ қайырымдылық көмектің ҚБШ түсімдерді есепке алу" қосалқы шотында ЖБ қайырымдылық көмектің ҚБШ түсімдер есепке алынады.

ЖБ қайырымдылық көмектің ҚБШ бойынша жүргізілген түсімдер 321 қосалқы шоттың дебеті және 602 қосалқы шоттың кредиті бойынша көрсетіледі.

603 "ЖБ ақшасын уақытша орналастыру ҚБШ-ға түсімдерді есепке алу" қосалқы шотында ЖБ ақшасын уақытша орналастыру ҚБШ-ға түсімдер ескеріледі.

ЖБ ақшаларын уақытша орналастыру ҚБШ бойынша жүргізілген түсімдер 331 қосалқы шоттың дебеті және 603 қосалқы шоттың кредиті бойынша көрсетіледі.

610 "Сыртқы қарыздар бойынша түсімдерді есепке алу" қосалқы шотында сыртқы қарыздар бойынша шотқа түсімдер есепке алынады.

Сыртқы қарыздар бойынша жүргізілген түсімдер 302 "Сыртқы қарыздар бойынша шот" қосалқы шотының дебеті және 610 қосалқы шотының кредиті бойынша көрсетіледі.

623 "Білім беру инфрақұрылымын қолдау жөніндегі жергілікті атқарушы органның шотына түсімдерді есепке алу" қосалқы шотында білім беру инфрақұрылымын қолдау жөніндегі жергілікті атқарушы органның шотына түсімдер есепке алынады.

Білім беру инфрақұрылымын қолдау жөніндегі жергілікті атқарушы органның шотына ақша түсімі 376 қосалқы шотының дебеті және 623 қосалқы шотының кредиті бойынша көрсетіледі.";

53-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"53. 9 "Нәтижелер" шотында жергілікті бюджеттердің, сыртқы қарыздар бойынша, ЖБ ақылы қызметтері бойынша, ЖБ қайырымдылық көмек бойынша, ЖБ ақшаны уақытша орналастыру бойынша, жергілікті атқарушы органның білім беру инфрақұрылымын қолдау жөніндегі атқарылу нәтижелері есепке алынады.

9 шот мынадай қосалқы шоттарға бөлінеді:

900 "Бюджеттің атқарылу нәтижесі";

910 "Сыртқы қарыздар бойынша атқарылу нәтижесі";

911 "ЖБ ақылы қызметтері бойынша атқарылу нәтижесі";

921 "ЖБ қайырымдылық көмек бойынша атқарылу нәтижесі";

931 "ЖБ ақшаны уақытша орналастыру бойынша атқарылу нәтижесі";

953 "Жергілікті атқарушы органның білім беру инфрақұрылымын қолдау жөніндегі атқарылу нәтижесі";

Жергілікті бюджеттердің атқарылу нәтижелерін анықтауға 900 "Бюджеттің атқарылу нәтижелері" қосалқы шоты арналған.

Қаржы жылының аяқталуы бойынша осы шотта түсімдер мен шығыстар сомалары көрсетіледі.

Нәтижелері жылдың аяғында 600 қосалқы шоты бойынша қалдықты 900 қосалқы шоттың кредитіне, ал 500 қосалқы шоты бойынша қалдығы 900 қосалқы шоттың дебетіне есептен шығару арқылы анықталады.

Бюджет түсімдері мен шығыстарын 900 қосалқы шотқа есептен шығарғаннан кейін 600 және 500 қосалқы шоттары жабылады.

900 қосалқы шоты бойынша алынған кредит қалдығы бюджеттің атқарылу нәтижесі болып табылады.

Бюджет кодексінің 104-бабына сәйкес жыл басындағы бюджет қаражатының қалдықтары 900 қосалқы шотта қалады.";

53-7-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"53-7. 952 "Мемлекет кепілдік берген қарыздарға қызмет көрсету бойынша атқарылу нәтижесі" қосалқы шоты мемлекет кепілдік берген қарыздар бойынша атқарылу нәтижелерін айқындауға арналған. Қаржы жылы аяқталғаннан кейін осы шотта түсімдер мен шығыстардың сомалары көрсетіледі. Нәтижелер жылдың аяғында 622 қосалқы шоты бойынша қалдықты 952 қосалқы шотының кредитіне, ал 522 қосалқы шоты бойынша қалдықты 952 қосалқы шотының дебетіне есептен шығару жолымен айқындалады.

Мемлекет кепілдік берген қарыздарға қызмет көрсету бойынша түсімдер мен шығыстарды 952 қосалқы шотқа есептен шығарғаннан кейін 622 және 522 қосалқы шоттар жабылады.

952 қосалқы шоты бойынша алынған кредиттік қалдық мемлекет кепілдік берген қарыздарға қызмет көрсету бойынша атқарылу нәтижесі болып табылады.  
";

мынадай мазмұндағы 53-8-тармақпен толықтырылсын:

"53-8. 953 "Жергілікті атқарушы органның білім беру инфрақұрылымын қолдау жөніндегі атқарылу нәтижесі" қосалқы шоты жергілікті атқарушы органның білім беру инфрақұрылымын қолдау жөніндегі атқарылу нәтижелерін айқындауға арналған.

Қаржы жылы аяқталғаннан кейін осы шотта түсімдер мен шығыстардың сомалары көрсетіледі. Нәтижелер жылдың аяғында 623 қосалқы шоты бойынша қалдықты 953 қосалқы шотының кредитіне, ал 523 қосалқы шоты бойынша қалдықты 953 қосалқы шотының дебетіне есептен шығару жолымен айқындалады.

Жергілікті атқарушы органның білім беру инфрақұрылымын қолдау жөніндегі түсімдер мен шығыстарды 953 қосалқы шотқа есептен шығарғаннан кейін 623 және 523 қосалқы шоттар жабылады.

953 қосалқы шоты бойынша алынған кредиттік қалдық жергілікті атқарушы органның білім беру инфрақұрылымын қолдау жөніндегі атқарылу нәтижесі болып табылады.";

көрсетілген Қағидаларға 8, 9, 10, 20, 24 25 және 26-қосымшалар осы бұйрыққа 1, 2, 3, 4, 5, 6 және 7-қосымшаларға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Бюджет заңнамасы департаменті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің интернет-ресурсында орналастырылуын;

3) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Заң қызметі департаментіне ұсынылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасы  
Премьер-Министрінің орынбасары -  
Қаржы министрі

Е. Жамаубаев

Қазақстан Республикасы  
Премьер-Министрінің  
орынбасары -  
Қаржы министрінің  
2023 жылғы 10 наурыздағы  
№ 253 бұйрығына  
1-қосымша  
Бюджеттік есепке алуды  
жүргізу қағидаларына  
8-қосымша  
№ 1 нысан

**Қазынашылық комитетінің балансы 20\_\_ жылғы "\_\_\_" \_\_\_\_\_**

Өлшем бірлігі: мың теңге

|                                                                         | Жолдың коды | Есепті жылдың басындағы | Есепті күнге |
|-------------------------------------------------------------------------|-------------|-------------------------|--------------|
| 1                                                                       | 2           | 3                       | 4            |
| I. Қолма-қол ақшаны бақылау шоттары және ұлттық валютадағы басқа шоттар |             |                         |              |
| РБ ҚБШ (300)                                                            | 1           |                         |              |
| ЖБ ҚБШ (301)                                                            | 2           |                         |              |
| Сыртқы қарыздар бойынша шот (302)                                       | 3           |                         |              |
| Еуразиялық экономикалық одақтың шоты (303)                              | 4           |                         |              |
| РБ квазимемлекеттік сектор субъектілерінің шоты (304)                   | 5           |                         |              |
| ЖБ квазимемлекеттік секторы субъектілерінің шоты (305)                  | 6           |                         |              |
| Сыртқы қарызды немесе байланысты грантты                                |             |                         |              |

|                                                                                    |    |  |  |
|------------------------------------------------------------------------------------|----|--|--|
| қайта айырбастау ҚБШ (307)                                                         | 7  |  |  |
| Мемлекеттік сатып алу шоты (308)                                                   | 8  |  |  |
| ӘМСҚ трансферттерінің ҚБШ (309)                                                    | 9  |  |  |
| РБ ақылы қызметтерінің ҚБШ (310)                                                   | 10 |  |  |
| ЖБ ақылы қызметтерінің ҚБШ (311)                                                   | 11 |  |  |
| РБ қайырымдылық көмектің ҚБШ (320)                                                 | 12 |  |  |
| ЖБ қайырымдылық көмектің ҚБШ (321)                                                 | 13 |  |  |
| РБ ақшасын уақытша орналастыру ҚБШ (330)                                           | 14 |  |  |
| ЖБ ақшасын уақытша орналастыру ҚБШ (331)                                           | 15 |  |  |
| Ұлттық қордың ҚБШ (340)                                                            | 16 |  |  |
| Н ы с а н а л ы<br>қаржыландыру ҚБШ (350 )                                         | 17 |  |  |
| Соманы анықтауға дейінгі шот (360)                                                 | 18 |  |  |
| Жәбірленушілерге өтемақы қорының ҚБШ (370)                                         | 19 |  |  |
| Бірыңғай қазынашылық шотындағы ақша қалдығына сыйақы шоты (371)                    | 20 |  |  |
| Операторлардың қаржылық және (немесе) қаржылық емес қолдау шоты (372)              | 21 |  |  |
| Мемелекет кепілдік берген қарыз шоты (373)                                         | 22 |  |  |
| Мемелекет кепілдік берген қарызға қызмет көрсету шоты (374)                        | 23 |  |  |
| Білім беру инфрақұрылымын қолдау қорының ҚБШ (375)                                 | 24 |  |  |
| Білім беру инфрақұрылымын қолдау жөніндегі жергілікті атқарушы органның шоты (376) | 25 |  |  |

|                                                                                                 |    |  |  |
|-------------------------------------------------------------------------------------------------|----|--|--|
| Білім беру саласындағы пилоттық ұлттық жобаны іске асыру жөніндегі дирекцияның шоты (377)       | 26 |  |  |
| ЖБ ҚБШ қаражатты тартуға арналған шот (380)                                                     | 27 |  |  |
| Түсімдердің жинақтау шоттары (390)                                                              | 28 |  |  |
| II. Шетел валютасындағы шоттар                                                                  |    |  |  |
| Мемлекет меншігіне түсетін түсімдер шоты (400)                                                  | 29 |  |  |
| Аумақтық қазынашылық органдарының шоты (410)                                                    | 30 |  |  |
| ЕАЭО туралы шарт шеңберіндегі түсімдер шоты (420)                                               | 31 |  |  |
| Шетел валютасындағы басқа да шоттар (430)                                                       | 32 |  |  |
| Сыртқы қарыз немесе байланысты грант шоты (440)                                                 | 33 |  |  |
| III. Есептер                                                                                    |    |  |  |
| Шығыстарды жүргізу (500)                                                                        | 34 |  |  |
| Сыртқы қарыздар бойынша шығыстарды жүргізу (510)                                                | 35 |  |  |
| ЖБ қаражатын орналастыру жөніндегі есептер (520)                                                | 36 |  |  |
| Мемлекеттік кепілдік берген қарыздар бойынша шығыстарды жүргізу (521)                           | 37 |  |  |
| Қызмет көрсету, мемлекет кепілдік берген қарыздар бойынша шығыстарды жүргізу (522)              | 38 |  |  |
| Білім беру инфрақұрылымын қолдау жөніндегі жергілікті атқарушы органның шотынан шығыстары (523) | 39 |  |  |
|                                                                                                 |    |  |  |

|                                                                                                            |          |                         |              |
|------------------------------------------------------------------------------------------------------------|----------|-------------------------|--------------|
| ЖБ жетіспеушіліктері бойынша есептер (530)                                                                 | 40       |                         |              |
| Баланс                                                                                                     | 41       |                         |              |
| Пассив                                                                                                     | Жол коды | Есепті жылдың басындағы | Есепті күнге |
| 1                                                                                                          | 2        | 3                       | 4            |
| I. Ақшалай қаражаттар                                                                                      |          |                         |              |
| Бірыңғай қазынашылық шот (100)                                                                             | 42       |                         |              |
| Есеп айырысудағы ақша (110)                                                                                | 43       |                         |              |
| Шетел валюталарының түрлері бойынша корреспонденттік шоттар (120)                                          | 44       |                         |              |
| II. ҚР ҰБ-да орналастырылған қаражат                                                                       |          |                         |              |
| БҚШ орналастырған ҚР ҰБ салымдар (депозиттер) (210)                                                        | 45       |                         |              |
| ЖБ ҚБШ орналастырған ҚР ҰБ салымдар (депозиттер) (220)                                                     | 46       |                         |              |
| III. Түсімдер                                                                                              |          |                         |              |
| Түсімдерді есепке алу (600)                                                                                | 47       |                         |              |
| Сыртқы қарыздар бойынша түсімдерді есепке алу (610)                                                        | 48       |                         |              |
| Мемлекет кепілдік берген қарыздар бойынша түсімдерді есепке алу(621)                                       | 49       |                         |              |
| Мемлекет кепілдік берген қарыздарға қызмет көрсету бойынша түсімдерді есепке алу (622)                     | 50       |                         |              |
| Білім беру инфрақұрылымын қолдау жөніндегі жергілікті атқарушы органның шотына түсімдерді есепке алу (623) | 51       |                         |              |
| IV. Нәтижелер                                                                                              |          |                         |              |
| Бюджеттің атқарылу нәтижесі (900)                                                                          | 52       |                         |              |
|                                                                                                            |          |                         |              |

|                                                                                                       |    |  |  |
|-------------------------------------------------------------------------------------------------------|----|--|--|
| Сыртқы қарыздар бойынша атқарылу нәтижесі (910)                                                       | 53 |  |  |
| Мемлекет кепілдік берген қарыздар бойынша атқарылу нәтижесі (951)                                     | 54 |  |  |
| Мемлекет кепілдік берген қарыздарға қызмет көрсету бойынша атқарылу нәтижесі (952)                    | 55 |  |  |
| Жергілікті атқарушы органның білім беру инфрақұрылымын қолдау жөніндегі атқарылу нәтижесі (953)       | 56 |  |  |
| Баланс                                                                                                | 57 |  |  |
| Баланстан тыс шоттар                                                                                  |    |  |  |
| Бюджеттік кредиттер (013)                                                                             | 58 |  |  |
| Бюджеттік кредиттер бойынша субъектілердің берешегі (014)                                             | 59 |  |  |
| Мемлекеттік және мемлекет кепілдік берген борыш, мемлекеттің кепілгерлігі бойынша міндеттемелер (015) | 60 |  |  |
| Қазақстан Республикасы Үкіметінің және жергілікті атқарушы органдардың резерві (018)                  | 61 |  |  |
| Аккредитивтер (019)                                                                                   | 62 |  |  |

Бюджетті атқару жөніндегі

уәкілетті органның басшысы \_\_\_\_\_

(қолы) (қолды таратып жазу)

Бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті органның

бюджеттік есепке алу бойынша

құрылымдық бөлімшесінің басшысы \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_ (қолы) (қолды таратып жазу)

Ескертпе:

аббревиатуралардың толық жазылуы:

ҚБШ – қолма-қол ақшаны бақылау шоты;

РБ – республикалық бюджет;

ЖБ – жергілікті бюджет;  
ӘМСҚ – әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры;  
ЕАЭО – Еуразиялық экономикалық одақ;  
ҚР ҰБ – Қазақстан Республикасының Ұлттық банкі.

Қазақстан Республикасы  
Премьер-Министрінің  
орынбасары -  
Қаржы министрінің  
2023 жылғы 10 наурыздағы  
№ 253 бұйрығына  
2-қосымша  
Бюджеттік есепке алуды  
жүргізу қағидаларына  
9-қосымша  
№ 1-М нысан

\_\_\_\_\_ (уәкілетті органның атауы)

Жергілікті бюджеттің атқарылу балансы 20\_\_ жылғы "\_\_\_" \_\_\_\_\_

Өлшем бірлігі: мың теңге

| Актив                                                                                          | Жолдың коды | Есепті жылдың<br>басындағы | Есепті күнге |
|------------------------------------------------------------------------------------------------|-------------|----------------------------|--------------|
| 1                                                                                              | 2           | 3                          | 4            |
| I. Қолма-қол ақшаны<br>бақылау шоттары және<br>ұлттық валютасындағы<br>басқа шоттар            |             |                            |              |
| ЖБ ҚБШ (301)                                                                                   | 1           |                            |              |
| Сыртқы қарыздар<br>бойынша шот (302)                                                           | 2           |                            |              |
| ЖБ квазимемлекеттік<br>сектор субъектілерінің<br>шоты (305)                                    | 3           |                            |              |
| Мемлекеттік сатып алу<br>шоты (308)                                                            | 4           |                            |              |
| ЖБ ақылы қызметтерінің<br>ҚБШ (311)                                                            | 5           |                            |              |
| ЖБ қайырымдылық<br>көмектің ҚБШ (321)                                                          | 6           |                            |              |
| ЖБ ақшасын уақытша<br>орналастыру ҚБШ (331)                                                    | 7           |                            |              |
| Білім беру<br>инфрақұрылымын қолдау<br>жөніндегі жергілікті<br>атқарушы органның<br>шоты (376) | 8           |                            |              |
| II. Есеп айырысулар                                                                            |             |                            |              |
|                                                                                                |             |                            |              |

|                                                                                                  |             |                         |              |
|--------------------------------------------------------------------------------------------------|-------------|-------------------------|--------------|
| Шығыстарды жүргізу ( 9500)                                                                       |             |                         |              |
| ЖБ ақылы қызметтерінің ҚБШ бойынша шығыстарды жүргізу ( 501)                                     | 10          |                         |              |
| ЖБ қайырымдылық көмектің ҚБШ бойынша шығыстарды жүргізу ( 502)                                   | 11          |                         |              |
| ЖБ акшасын уақытша орналастыру ҚБШ бойынша шығыстарды жүргізу (503)                              | 12          |                         |              |
| Сыртқы қарыздар бойынша шығыстарды жүргізу (510)                                                 | 13          |                         |              |
| ЖБ қаражаттарын орналастыру жөніндегі есеп айырысулар (520)                                      | 14          |                         |              |
| Білім беру инфрақұрылымын қолдау жөніндегі жергілікті атқарушы органның шотынан шығыстары ( 523) | 15          |                         |              |
| ЖБ жетіспеушіліктері бойынша есеп айырысулар (530)                                               | 16          |                         |              |
| Ішкі есеп айырысулар ( 540)                                                                      | 17          |                         |              |
| Баланс                                                                                           | 18          |                         |              |
| Пассив                                                                                           | Жолдың коды | Есепті жылдың басындағы | Есепті күнге |
| 1                                                                                                | 2           | 3                       | 4            |
| I. Есеп айырысулар                                                                               |             |                         |              |
| Ішкі есеп айырысулар ( 540)                                                                      | 19          |                         |              |
| II. Түсімдер                                                                                     |             |                         |              |
| Түсімдерді есепке алу ( 600)                                                                     | 20          |                         |              |
| ЖБ ақылы қызметтерінің ҚБШ бойынша түсімдерді есепке алу ( 601)                                  | 21          |                         |              |
| ЖБ қайырымдылық көмектің ҚБШ бойынша түсімдерді есепке алу ( 602)                                | 22          |                         |              |

|                                                                                                            |    |  |  |
|------------------------------------------------------------------------------------------------------------|----|--|--|
| ЖБ ақшасын уақытша орналастыру ҚБШ бойынша түсімдерді есепке алу (603)                                     | 23 |  |  |
| Сыртқы қарыздар бойынша түсімдерді есепке алу (610)                                                        | 24 |  |  |
| Білім беру инфрақұрылымын қолдау жөніндегі жергілікті атқарушы органның шотына түсімдерді есепке алу (623) | 25 |  |  |
| III. Нәтижелер                                                                                             |    |  |  |
| Бюджеттің атқарылу нәтижесі (900)                                                                          | 26 |  |  |
| Сыртқы қарыздар бойынша атқарылу нәтижесі (910)                                                            | 27 |  |  |
| ЖБ ақылы қызметтер бойынша атқарылу нәтижесі (911)                                                         | 28 |  |  |
| ЖБ қайырымдылық көмек бойынша атқарылу нәтижесі (921)                                                      | 29 |  |  |
| ЖБ ақшасын уақытша орналастыру бойынша атқарылу нәтижесі (931)                                             | 30 |  |  |
| Жергілікті атқарушы органның білім беру инфрақұрылымын қолдау жөніндегі атқарылу нәтижесі (953)            | 31 |  |  |
| Баланс                                                                                                     | 32 |  |  |
| Баланстан тыс шоттар                                                                                       |    |  |  |
| Бюджеттік кредиттер (013)                                                                                  | 33 |  |  |
| Бюджеттік кредиттер бойынша субъектілердің берешегі (014)                                                  | 34 |  |  |
| Қазақстан Республикасы Үкіметінің және жергілікті атқарушы органдардың резерві (018)                       | 35 |  |  |

Бюджетті атқару жөніндегі  
уәкілетті органның басшысы \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

(қолы) (қолды таратып жазу)

Бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті органның  
бюджеттік есепке алу бойынша  
құрылымдық бөлімшесінің басшысы \_\_\_\_\_

(қолы) (қолды таратып жазу)

Ескертпе:

аббревиатуралардың толық жазылуы:

ҚБШ – қолма-қол ақшаны бақылау шоты;

ЖБ – жергілікті бюджет;

Қазақстан Республикасы  
Премьер-Министрінің  
орынбасары -  
Қаржы министрінің  
2023 жылғы 10 наурыздағы  
№ 253 бұйрығына  
3-қосымша  
Бюджеттік есепке алуды  
жүргізу қағидаларына  
10-қосымша  
№ 2 нысан

**Бірыңғай қазынашылық шоттағы ақша қозғалысы туралы есеп 20\_\_ жылғы " \_\_ " \_\_**  
**(уәкілетті органның атауы)**

Өлшем бірлігі: мың теңге

|                                                                  | Жол коды | Сомасы |
|------------------------------------------------------------------|----------|--------|
| 1                                                                | 2        | 3      |
| Жыл басындағы ақша қалдығы                                       | 100      |        |
| Ақша түсімі - барлығы (201-220-жолдардың сомалары)               | 200      |        |
| РБ ҚБШ                                                           | 201      |        |
| ЖБ ҚБШ                                                           | 202      |        |
| РБ, ЖБ ақылы қызметтерінің ҚБШ                                   | 203      |        |
| РБ, ЖБ қайырымдылық көмек ҚБШ                                    | 204      |        |
| РБ, ЖБ ақшасын уақытша орналастыру ҚБШ                           | 205      |        |
| РБ сыртқы қарызды немесе байланысты грантты қайта айырбастау ҚБШ | 207      |        |
| ҚР Ұлттық банкінде орналастырылған қаражат                       | 208      |        |
| Ұлттық қордың ҚБШ                                                | 209      |        |
|                                                                  |          |        |

|                                                                                           |     |  |
|-------------------------------------------------------------------------------------------|-----|--|
| Жәбірленушілерге өтемақы қорының ҚБШ                                                      | 210 |  |
| Нысаналы қаржыландыру ҚБШ                                                                 | 211 |  |
| Еуразиялық экономикалық одақтың шоты                                                      | 212 |  |
| Анықтауға дейінгі сомалар шоты                                                            | 213 |  |
| РБ, ЖБ квазимемлекеттік секторы субъектілерінің шоты                                      | 214 |  |
| Мемлекеттік сатып алу шоты (308)                                                          | 215 |  |
| ӘМСҚ ҚБШ (309)                                                                            | 216 |  |
| Бірыңғай қазынашылық шотындағы ақша қалдығына сыйақы шоты                                 | 217 |  |
| Операторлардың қаржылық және (немесе) қаржылық емес қолдау шоты (372)                     | 218 |  |
| Мемлекет кепілдік берген қарыз шоты (373)                                                 | 219 |  |
| Мемлекет кепілдік берген қарызға қызмет көрсету шоты (374)                                | 220 |  |
| Білім беру инфрақұрылымын қолдау қорының ҚБШ (375)                                        | 221 |  |
| Білім беру саласындағы пилоттық ұлттық жобаны іске асыру жөніндегі дирекцияның шоты (376) | 222 |  |
| Есеп айырысудағы ақша                                                                     | 300 |  |
| ЖБ жетіспеушіліктері бойынша есеп айырысулар                                              | 400 |  |
| Ақша шығысы - барлығы (501-522 -жолдың сомалары):                                         | 500 |  |
| РБ ҚБШ                                                                                    | 501 |  |
| ЖБ ҚБШ                                                                                    | 502 |  |
| РБ, ЖБ ақылы қызметтерінің ҚБШ                                                            | 503 |  |
| РБ, ЖБ қайырымдылық көмектің ҚБШ                                                          | 504 |  |
| РБ, ЖБ ақшасын уақытша орналастыру ҚБШ                                                    | 505 |  |
| Сыртқы қарызды немесе байланысты грантты қайта айырбастау ҚБШ                             | 507 |  |
| ҚР Ұлттық банкінде орналастырылған қаражат                                                | 508 |  |
| Ұлттық қордың ҚБШ                                                                         | 509 |  |
| Жәбірленушілерге өтемақы қорының ҚБШ                                                      | 510 |  |

|                                                                                           |     |  |
|-------------------------------------------------------------------------------------------|-----|--|
| Нысаналы қаржыландыру ҚБШ                                                                 | 511 |  |
| Еуразиялық экономикалық одақтың шоты                                                      | 512 |  |
| Анықтауға дейінгі сомалар шоты                                                            | 513 |  |
| РБ, ЖБ квазимемлекеттік секторы субъектілерінің шоты                                      | 514 |  |
| Мемлекеттік сатып алу шоты (308 )                                                         | 515 |  |
| ӘМСҚ ҚБШ (309)                                                                            | 516 |  |
| Бірыңғай қазынашылық шотындағы ақша қалдығына сыйақы шоты                                 | 517 |  |
| Операторлардың қаржылық және ( немесе) қаржылық емес қолдау шоты                          | 518 |  |
| Мемлекеттік кепілдік берген қарыз шоты                                                    | 519 |  |
| Мемлекеттік кепілдік берген қарызға қызмет көрсету шоты                                   | 520 |  |
| Білім беру инфрақұрылымын қолдау қорының ҚБШ                                              | 521 |  |
